

КМҚК «Ертөстік» бөбек жай-балабақшасы
Педагогикалық кеңестің
№1.2 ХАТТАМАСЫ

Мәмбет ауылы

2024жыл 26 қараша

Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы.

Қатысқандар: С.Е Зайнуллина-менгеруші

А.Чалкарбаева – әдіскер

Барлық педагогикалық ұжым.

Тақырыбы: Балабақшада оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың орындалуы.

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың орындалуы бойынша өзін –өзі бағалау жұмыстарын даярлау.

Күн тәртібінде:

1. Өзіне өзі бағалау жұмыстарындағы бағыттарды анықтау

Жауапты: әдіскер

2.Өзін-өзі бағалау жұмыстарын даярлауға жауапты комиссия мүшелерін анықтау.

Жауапты: Менгеруші, әдіскер

Талқыланды: Өзін өзі бағалау жұмыстарындағы бағыттарды анықтау.

Әдіскер: Балабақшада өзін –өзі бағалауын ұйымдастыруды өткізу.

«Білім туралы Қазақстан Республикасы заңына(бұдан әрі-Заң), Білім беру ұйымдарын бағалау, өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министірлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы № 486 бұйрығына (бұдан әрі бағалау өлшем шарттары) және басқа да білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленеді. Жалпы бағалау кезіне 3 жыл мерзімді қамтиды.Басты мақсаты білім беру ұйымындағы тәрбие мен білім беру процесінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылуын анықтау. Сол себепті өзін-өзі бағалау жұмыстарына қажетті құжаттарды даярлауда барлық ұжым қамтылуы керек.

Шешім: бағалау өлшемшарттарындағы қосымшаларға сәйкес бала бақша ішіндегі педагогтар арасында жұмыс тобы құрылсын.

Жауапты –әдіскер

Талқыланды: Өзін-өзі бағалау жұмыстарын даярлауға жауапты комиссия мүшелері анықталсын.

Меңгеруші: балабақшада өзін-өзі бағалауды ұйымдастыруды өткізу «білім туралы Қазақстан Республикасы заңына, Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі-бағалау өлшемшарттары) сәйкес балабақша комиссия құрамы бекітілсін.

Құрамы төмендегідей: Меңгеруші: С.Зайнуллина

Әдіскер: А.Чалкарбаева


Тәрбиеші: А.Меркибай

Тәрбиеші: М.Джилкибаева

Музыка жетекшісі: Р.Халелова

Шешім: Бекітілген комиссия мүшелеріне бұйрық шығарылсын.

Педагогикалық кеңес төралығы меңгеруші:  С.Зайнуллина

Педагогикалық кеңес хатшысы:  А.Меркибай